

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Асильбекова. Тәуелсіздік – туымыз.....	3
С. Мұқанова. Туған тілім – тірлігімнің айғағы.....	5
Б. Архабаева. Қазақстан – ата жұртым, қасиетті мекенім	7
С. Кенжебекова. Ұстаздық – ұлы іс.....	9
Ж. Бұзауқызы. Салт-дәстүрді дәріптеу әжелерден басталып, немерелермен жалғасу керек.....	11
М. Демесін. Менің әкем – ең жақсы адам	13
Ж. Баймаганбет. «Білгірлер» сайысы.....	15
Б. Құдысбекова. Аталар сөзі – тәрбие көзі.....	18
М. Дауылбаев. Отан және Шәмші аға	21
ФИО. Жыр жұлдызы Фариза.....	23
Б. Кенетаева. Отбасы – ұлағат ұясы	27
Ш. Набиева. Рухани досың – кітап болсын	28
Г. Тазабекова. «Тапқыр достар» интеллектуалдық сайысы	31
А. Құдабаева. «Болашақ» интеллектуалды ойын-сайысы3	2
А. Ержігітова. Алматы – сүйікті қалам	35
Г. Досболова. Көңілді балақан3	7
Г. Кызылбасова. Арманың үндес еді Ақ Жайықпен .	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
31.12. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тәуелсіздік – туымыз

Мақсаты: оқушыларды Желтоқсан құрбандарымен таныстыру. Аға-апа-лардың ерлігі туралы айту. Желтоқсан оқиғасы туралы шындыққа көз жеткізу. Оқушыларды елін, жерін, халқын сүйуге, Отанын қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы.

Қ. Рысқұлбеков, Л. Асанова, Е. Сыпатаев, т.б. суреттері, нақыл сөздер жазылған плакат.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

1-жүргізуші:

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышты қанат қып, саған қарай,
Балапандай талпынып ұшамын мен.
Сенде тас та қастерлі, аспан да алау,
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.
Менің мынау өмірге құштарлығым,
Сені жақсы көруден басталған-ау.

2-жүргізуші:

Данасы мен батыры көп қазақпын,
Көрген талай қияметін азаптың.

Аршындаймын көк туымды шалқы-
тып,

Жасай берсін, тәуелсіздік, азат күн! -
дей отырып,

«Тәуелсіздік – туымыз» атты тәрбие
сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

1-жүргізуші: Құрметті, ұстаздар мен
оқушылар, Сіздерді алдымен 16 желтоқ-
сан тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

2-жүргізуші: Сонымен желтоқсан
оқиғасы не себептен болды, қалай бол-
ды, оған кімдер қатысты, ол оқиғаға сол
кезде қандай баға берілді?

1-жүргізуші: Иә, ол күн тәуелсіздік-
тің туын ең алғаш көтерген әйгілі 1986

жылдың 16желтоқсаны еді. Танертеңгі-
лік сағат 10-да бар-жоғы 18 минутта 26
жыл республиканы үздіксіз басқарып
келген Д.А. Қонаев орнынан түсіріліп,
орнына Колбин ешкімнің пікірінсіз-ақ
ұсынылған еді.

Оқушылар: Естідіндер ме? Бұл не
масқара! Неге халықпен санаспайды?
(Дабырласа). Қашанғы шыдаймыз? Ең
болмаса, өз ішімізден неге сайламаған?
Ел қамын біз ойламағанда, кім ойлай-
ды? т.б. (Осындай сөздерді айтып, сахна-
ға Қайрат, Ләззат, Сәбира, Гүлнәр рөлін-
де ойнаушылар шығады).

Ербол:

Дүр сілкінді қайран да қоңыр аймақ,
Бағы жана ма? Қала ма соры қайнап.
Ұран жазып, қып-қызыл ту көтеріп,
Біз де шықтық алаңға «Елім-айлап».

Ләззат:

Сүймейтұғын болдық қой, күймей ғұ-
мыр,

Көлеңкеміз. Күннен де тимейді нұр.

Колбин деген кім екен, қайдан кел-
ген.

Уа, сыртымыздан қашанғы билейді
бұл?

Сәбира:

Бұл дегенің Қазақстанда беделдің
қалмағаны.

Тілің құрып барады, білесің бе?

2-жүргізуші: Иә, тарихта «Құйын-86»
деген атпен мәңгі қалған бұл жойқын
шабуыл қазақтың қайсар қыздары мен
жігіттерін арамыздан алып кете барды.

(Сахнаға Қайратты тергеуші алып
шығып, сұраққа алады).

Тергеуші: Сен Савицкийді өлтірге-
ніңді мойындайсың ба? Жоқ па?

Қайрат: Жоқ, мен Савицкийді көргенім жоқ!

Тергеуші: Ақымақ! Әкетіндер, атыңдар. Көзін құртыңдар.

Қайрат:

Күнәдан таза басым бар,

Жиырма бірде жасым бар.

Қасқалдақтай қаным бар,

Бозторғайдай жаным бар.

Алам десен алыңдар.

«Қайрат» деген атым бар.

«Еркек тоқты — құрбандық»

Атам десен, атыңдар.

(*Қайратты сүйреп әкетеді*).

1-оқушы:

Алаңға шығып, ойын айтты жастарым,

Қиындық пен қатерге тігіп бастарын.

Содан барып, таңы еріді кеңестің,

Содан кейін еркіндікті бастадым.

2-оқушы:

Келді осылай аңсаған күніміз де

Көптен күткен тәуелсіздік келді бізге.

Қайта оралды сан ғасырлық қиындықтан,

Қасиетті тіліміз бен дініміз де.

«Менің Қазақстаным» әні хормен орындалады.

3-оқушы:

Желтоқсанда шындық жырын

Шырқаймын деп шарқ ұрдың,

Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың,

Кеуденде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның.

Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның,

«Желтоқсан желі» әні орындалады.

Енді сол «Желтоқсан құрбандарын» еске алайық. (1 минут үнсіздік)

4-оқушы:

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы

Лаула, лаула желтоқсанның мұзда жанған алауы!

Өздеріндей ар-намысты жас өркені бар елдің

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы.

5-оқушы:

Желтоқсан — заман, толғағы байтақ даланың,

Шарпысқан сәті үміт пен күдік, наның.

Желтоқсан — Қайрат, Ләззат, Сәбира,

Құрбаны болған жаланың.

6-оқушы:

Әр қазақтың есінде сақталады,

Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,

Ерліктерің мәңгілік сақталады.

7-оқушы: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел тегі, алсын қайдан кемеңгерді», - деп Ілияс Жансүгіров айтқандай, бұларға қандай құрмет көрсетілсе де артық емес. Желтоқсан — ерлік тарихымыз. Сондықтан тындырылған іс орынды деп бағалаймыз. Президент Жарлығымен 1996 жылы 9 желтоқсанда Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағымен бірге «Алтын Жұлдыз» ордені тапсырылды.

Алтын АСИЛЬБЕКОВА,
Тасарық орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,

Абай ауылы,
Сарқан ауданы,
Жетісу облысы.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды тілін сүйуге, қадірлеуге, құрметтеуге үйрету;

2. Тіл құдіретін, қасиетін түсіне білуге баулу.

Сабақтың көрнекілігі: рәміздер, нақыл сөздер.

Сабақтың барысы:

- Балалар, қыркүйек айының 24-жұлдызы «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл дәрежесін алған күні» екен. Соған орай Республикамызда Тілдер апталығы өтуде. Апталыққа бізде өз үлесімізді қосайық. «Халқын сүйген – салтын да сүйер» дегендей, мұндай мереке бір халықтың, ұлттық байлығы. Сондықтан біз оны қадірлей де, қастерлей де білейік.

1-оқушы:

Тілім менің –

Тұтастығым елдігім, үйім менің,
Ел қорғаған ерлерге рух берген,
Осы тілді толғады биім менің.

2-оқушы:

Тілім менің –

Ұлы Абайдай, Мұхтардай пірім менің.

Тұнығым, рухани жан азығым,
Ол бөлінсе менің де бөлінгенім.

3-оқушы:

Тілім менің –

Осы тілде шежіре, жырым менің.
Жан қайғы, арманы Қорқыт күйі,
Тағдырыммен тамырлас мұңым менің.

4-оқушы:

Тілім менің –

Тілім үшін мың өліп, мың тірілді елім.

Аралыммен, арыммен қатар қойып,
Тілді қорғау – парызым бүгін менің.

5-оқушы:

Тілім менің –

Тіршілігім, тынысым, құным менің.
Бас бергенмен, Махамбет тіл берген жоқ.

Тіл кесілсе, не болмақ күнім менің?!

6-оқушы:

Сүйемін туған тілді анам тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен сәтімнен-ақ,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Мұғалім: Әр адамның, азаматтың қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өзінің ата-мекенін қалай сүйімен, өз ана тілін қалай білумен өлшенбек. Ананың ақ сүтіне, уызына жарыған адам әрқашан Отаншыл, ұлтжанды болады. Өз тілін құрметтеген адам, Отанын да, ұлтын да өз анасындай құрметтей біледі.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, біз тәрбие сағатымызды әрі қарай жарыс ретінде өткіземіз.

Бүгінгі сайысымыздың барысы:

1-айналым – «Таныстыру»;

2-айналым – «Поэзия минуты»;

3-айналым – «Эссе жазу»;

4-айналым — «Шешендік әлемінде»;

5-айналым — «Білімді болсаң, биік шыңға жетесің»;

6-айналым — «Ұлылардың айтқан сөздері».

Ана тілі — қазағымның қаймағы,

Тілің сенің өміріңнің айғағы.

Бүгін міне, тіл туралы сайыс болып,

Баршаңа мен жұлдызды сәт тілеймін.

1-айналым — «Таныстыру».

1-топ:

Біздің ұран: Сүйемін туған тілді, анам тілін.

Біздің ән: Туған тілім — тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім — мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім — мен де бірге өсемін.

2-топ:

Біздің ұран: Тіл бар жерде өмір бар.

Біздің ән: Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді құрметте.

2-айналым — «Поэзия минуты».

Бұл айналымда топ жетекшілері үйден дайындап келген тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтады.

3-айналым — «Эссе жазу».

Оқушылар «Өз тілінді құрметте...», «Тілім менің...» тақырыптарына эссе жазып, ең жақсы шыққанын ортаға салып, оқиды.

4-айналым — «Шешендік әлемінде».

1-топ «От ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған бидің өнері» — «Қазбек бидің елшілігі» атты көрініс қояды.

2-топ «Туғаны жоқ, тура бидің өнері» — «Төле бидің шешендігі» атты кө-

рініс қояды.

Қазақ биі орындалады.

5-айналым — «Білімді болсаң, биік шыңға жетесің».

Бұл бөлімде оқушылар сұрақтарға жауап береді.

1-топ:

- Ана тілі деген не?

- «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенін қалай түсінесіңдер?

- Ағылшын тілі не үшін қажет?

2-топ:

- Ана тілін қалай құрметтейсіңдер?

- Орыс тілін не үшін білуіміз қажет?

- Тіл туралы заңдардан не білесіңдер?

6-айналым — «Ұлылардың айтқан сөздері...»

Тіл туралы ұлы ғұламалардың мазмұнды ойлары.

Мұғалім:

- Еліміздің болашағы өз елі, өз жері, Отаны туралы не айтар екен? Әнұран.

- Құрметті қонақтар, бүгінгі «Туған тілім — тірлігімнің айғағы» атты тәрбие сағатымызды Әбділдә Тәжібаевтің сөздерімен аяқтаймыз.

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім — мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім — мен де бірге өшемін.

С. МҰҚАНОВА,

Алғабас орта мектебінің мұғалімі.

Алғабас ауылы,

Қарасай ауданы,

Алматы облысы.

Қазақстан – ата жұртым, қасиетті мекенім

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың санасына Отан, туған ел, ата жұртым деген түсініктерді қалыптастыру. Сол сияқты Қазақстан Республикасының рәміздері, Ата заңы, тілі, салты, дербес тәуелсіз мемлекет туралы түсініктерін қалыптастыру;

Ана тілге, өз ұлтына деген құрметін, сүйіспеншілігін ояту, ой-өрісін кеңейту, тілдерін дамыту. Жан-жақты, өз елінің, халқының қамын ойлайтын азамат тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: тіл туралы нақыл сөздер, «Ана тілін білмеген – ана сүтін татпаған» мемлекеттік рәміздер, ұлы тұлғалардың портреттері.

Сабақтың барысы

Ұйымдастыру кезеңі:

Бір-біріне жақсы тілектер айтқызу.

Елбасы былай дейді: «Болашақ Қазақстан сендердің қолдарыңда Жан-жақты білімдеріңді, үлгілі тәртіптеріңді көрсете біліңдер. Отанды қорғауға әрқашан дайын болыңдар!»

- Біз осыған дайынбыз ба?

- Иә, дайынбыз, дайынбыз.

Кіріспе сөз. Қазақстан біздің сүйікті Отанымыз. Көрсен көзің тоймас, асқар шынды таулары, шалқар көлдері, сылдырлай аққан өзендері, ормандары бар.

Осының бәрі Алтай мен Атырау,

Ақжайық пен Алатаудың аясында құшақ жайып жайнай түрленіп жасанып жатыр. Отанымызды сүйіп, аялау үшін еліміз, туған жеріміз, оның тарихын, өткені мен бүгіні жайлы жақсы білуіміз қажет. Сондықтан да бүгін «Қазақстан ана жұртым, қасиетті ана тілім» атты тәрбие сағатын бастаймыз.

- Балалар, біз қандай мемлекетте тұрамыз?

- Отан дегенді қалай түсінеміз?

- Біздің ұлтымыз кім?

- Қай тілде сөйлейміз?

- Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

- Сұрақтардың жауаптарын толықтыру. (3-4 баладан сұрау).

1-оқушы:

Әйнегі күн, шатыры аспан,

Кең дала төсі толқыған егін.

Көлдері көкке күмістен шашқан,

Қазақстан – Республикам менің.

2-оқушы:

Абай туған, Сәкен туған

Құрметте, достым, қазақтың жерін.

Қамбаға жылда мол астық құйған,

Қазақстан – Республикам менің.

Біздің мемлекетіміз – дербес мемлекет. Бүгінде Қазақстан елі дүниежүзіндегі көптеген елдермен достық қарым-қатынас орнатқан әлемге танымал елге айналды. Біз елімізбен, рәміздерімізбен мақтана аламыз. Бұл туралы біз не білеміз?

3-оқушы:

Елтаңбасы елімнің —
Елдігімнің белгісі.
Неткен көркем, әдемі,
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

4-оқушы:

Әнұраным — жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Мәңгі-бақи шырқалады,
Республикам, әнұраным!

5-оқушы: Мен туған Республикамды
— Қазақстанымды өте жақсы көремін.
Жаңа Астанамыз алып астанаға айна-
латынына сенемін.

Астана, Астана —
Көркем бұл жас қала,
Астана, Астана,
Қазақтай халқы бар,
Кеңпейіл салты бар,
Әлемге даңқы бар,
Астана, Астана.

6-оқушы:

Бақытты өмір сүргенің,
Бақ дәулеттің арқасы.
Күліп ойнап жүргенің,
Ата заңның арқасы.

7-оқушы: Болашағымызды баянды
етер басты қаруымыз — бұл тіліміз.

Тіл дегенің көп дейді,
Білсең есең кетпейді.
Бірақ, бірақ бір тіл де,
Өз тіліңе жетпейді.

«Ананың тілі» әні орындалады.

8-оқушы:

Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап сайлап алған,
Елімнің бар президенті.
Ол да аямай жанын салды,

Жету үшін мұндай сыйға.

«Отан» дегенді қалай түсінеміз?

10-оқушы:

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз туған жер, атамекен.
Биік тау, орман тоғай көлімізді.

11-оқушы:

Отан дейміз кең байтақ Астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қа-
нат.

Отанның шегі де жоқ, шеті де жоқ.

«Отан» әні орындалады.

Бәрі:

Отан! Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны
Мәңгілікке сүйіп өтем!

12-оқушы:

Біз, балдырған, тең басқан,
Дос құшағын елге ашқан.
Тілегіміз бейбіт күн,
Ашық болсын, кең аспан.

*«Әрқашан күн сөнбесін» әні орында-
лады.*

13-оқушы:

Айналайын халқымнан,
Айналайын даңқыңнан.
Ана тілдің бағасы,
Қымбат екен алтыннан.

*«Егінші мен қасқыр» ертегісінен көрі-
ніс.*

**М. Мақатаевтың «Үш бақытым» көр-
кем сөзі оқылады.**

Бағила Байтілеуқызы
АРХАБАЕВА,
№96 жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Алмалы ауданы,
Алматы қаласы.

Ұстаздық – ұлы іс



**Самал Тишбекқызы
КЕНЖЕБЕКОВА,**
«Абай негізгі орта
мектеп» КММ-нің
биология, бейнелеу
пәні мұғалімі.
Абай ауылы.
Ақтоғай ауданы,
Қарағанды облысы.

Мақсаты: ұстаз мамандығының қырлары мен сырларын ұғыну, оқушыларға ұстаздарды құрметтеуді, сыйлауды, бағалай білуді тәрбиелеу.

Жүргізушілер: 9-сынып оқушылары.

Ортаға 1, 3, 5, 7, 9-сыныптардан құралған бишілер тобы шығып вальс биімен салтанатты жиынды ашып береді.

Жүргізушілер:

Ұстаз болу — жүректің батырлығы,

Ұстаз болу — сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу — мінездің күншуағы,

Армысыздар, аяулы ұстаздар! Қазан айында тойланатын ерекше мереке «Ұстаздар күні» құтты болсын! Сіздерге арналған салтанатты жиынымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

1-оқушы:

Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,

Өнегеннен барлық шәкірт нәр алған.

Шапағатты, шуақ сепкен ұстаздар,

Өздеріңнен бастау алар бар арман.

Асыл ұстаздар, өздеріңіздердің ал-

дарыңызда басымызды иеміз!

«Ұстазым» әні хормен орындалады.

2-оқушы:

Жүресіз баршамызды сүйсіндіріп,

Даналықтан қазына жүрсін жиып.

Шәкірттерді жетелеп ұлылыққа,

Тұғырында өмірдің тұрсыз биік.

Жас жүрекке білім ағаш ектіңіз,

Шәкірттерге білім нәрін септіңіз.

Мектептің абыройын биік ұстап,

Еліңізге адал қызмет еттіңіз.

Құттықтау сөз мектеп директорына беріледі.

3-оқушы:

Сәлем бердік, ұстаздар, баршаңызға,

Сіздермен тола берсін ортамыз да.

Бүгінгі ел басқарған азаматтар,

Білім алған сіздердің арқаңызда.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар шәкірттеріңіздің жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

Құттықтау сөздер айталады.

2-жүргізуші:

Еркелеп, күліп есіп тау самалы,

Әлемге жаңалықты жар салады.

Мерекемен құттықтап ұстаздарын,

5-сынып қыздары би билейді.

1-жүргізуші:

Ұстаз, ұстаз!

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,

Осы сөзде таусылмайтын жылылық.

Әл-Фараби, Ыбырай мен, Ақанды,

Осы сөз ғой қойған бізге ұлы ғып.

Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,

Тентектерді ақылмемен емдейтін,

Болса дағы малға кедей өмірде.
Бар байлығым, шәкірттерім, сен дей-
тін!

Ойын «10 сұрақ»

4-оқушы:

Нұр құйған бөбектердің зердесіне,
Білімнің сусындадым теңізінен.
Шәкірттің асыр салған жер төсінде,
Нәр алып ұстаздың әр лебізінен.
Жасарып жайсаң жаны жадырайды,
Алдынан түлеп ұшса балғын бөбек.
Жанының толқығанын жасырмай-
ды,

Отырар сырттарынан желеп-жебеп.
Ақ көңіл ұстаздарым, адал ниет,
Жандарың жадырасын, жасымасын.
Қайда да шәкірттерің жүрер сүйеп,
Қиындық басқа түссе қасымдасың.

*«Ғалым да, шахтер да бас иетін» әні
хормен орындалады.*

5-оқушы:

Мұғалім мен ұстазда бар айырма,
Ұстаз деген — жақсы әндегі қайыр-
ма.

Мұғалім бар болғаны мамандық,
Жеткенінше жеті өнерлі шайырға.
Ұстаз деген — ұлағаттың шайыры,
Қадіріңнің тиетұғын қайыры.
Ұстаз деген — шуағы мол шапағат,
Шаршамайтын, шалдықпайтын тә-
йірі.

Ойын «Сәйкестік».

6-оқушы:

Ұстаз деген — ұстаз болып туғандар,
Ұлылықты ұлықтаған имандар.
Ұрпағының ертеңіне жол ашып,
Өмірінің өр шақтарын қуғандар.
Қимағандар ұстаз емес, мұғалім,
Мұғалім боп, ұстаз болмау — күнә
мың.

Қара тақта, ақ бор ғана қолданып,
Ұстатты ұстаз дүниенің құлағын.

1-жүргізуші:

Хан бол, мейлің қара бол,
Дарын бол, мейлің дара бол.
Өтетін бәрі алдынан,
Ұстаздар — бейне сара жол.
Ұстаздар — ұлттың тірегі,
Ұстаздар — мектеп жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен,
Халықтың ұлы тілегі.
Аманат жүгін көтерген,
Ұстаздық оңай іс емес.

Шаршауын шәкірт өтеген,
Ұстаздар осал күш емес.
«Ұстазым» деген — ұлы сөз,
Жүректің берген бағасы.
Мұғалім ұстаз бола алса,
Баланың көпқой данасы.

Ойын «Заттарды табу».

7-оқушы:

О, ұстаздар, басымды ием сіздерге,
Бүгінгі осы мұғалімдер күнінде.
Жүрегімнің лүпілінен шыққан сөз,
Сая тапсын ұлы ұстаздың жүрегінің
түбінде.

8-оқушы:

Жүрегіңе нәр берер салған әні,
Сол әнімен көрінген таза жаны.
Әніменен әлдилеген халқымызды,
Шақырамыз ортаға өнерпаз ұл-қыз-
дары.

«Ұстазым» әні хормен орындалады.

9-оқушы: Құрметті ұстаздар, қисай-
ғанды түзеп, солғанға нәр беріп, тө-
зімділікпен еңбек етіп жүрген сіздерді
мақтан тұтамыз! Сіздердің сенімде-
ріңізді ақтаймыз. Егеменді еліміздің
елеулі азаматы болуға уәде береміз.

Салт-дәстүрді дәріктеу әжелерден басталып, немерелермен жалғасу керек

Алматы қаласы Әуезов ауданындағы №126 мамандандырылған лицейде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Даналық мектебі» жобасымен «Әже – көңілдің ажары, немере – өмірдің базары» тақырыбында сайыс сабағы өткізілді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас-жауы», - деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, ба-

лаға ең алдымен тәрбие берілуі – адамзаттың адаспауының алғы баспалдағы екені хақ. Осы мақсатта ұйымдастырылған өнегелі шарада 5-сынып оқушылары өз әжелерімен бірге қазақтың қол өнерін, дәстүрін, ырым-тиымдарын кең көлемде насихаттап, «Мен әжемін, ұрпағын әлдилеген» (таныстыру), «Шебер әже, өнерлі немере» (өнер көрсету), «Қоржын шашу» (салт-дәстүр туралы сұрақ-





тарға жауап беру), «Жаксы сөз – жарым ырыс» (бата түрлері) сынды кезеңдер бойынша өнерлерін ортаға салды.

Бүлдіршіндер қазақтың ұлттық киімдерінің атауы, қолқа салу, ырым-тыйымдар, шілдеhana, балаға ат қою рәсімі туралы сұрақтарға жан-жақты жауап берсе, әжелеріміз базарлық, тыштырма, сүйінші, енші, тұсау кесу салттарының мағынасын түсіндірді.

Өз өнерін көрсетуде ою ойған Күлән әже қазақтың ою-өрнектерінің мән-мағынасын, шығу тарихын айшықтап, мәселен, аяқтың астында жататын сырмаққа салынатын оюдың ешқашан бас киімге қолданылмайтындығын айтты.

Әжелер ұршық иіріп, құрақ көрпе тігіп, немерелері күй тартып,

ән салып, дәстүрді дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып рухани кеш болды.

«Даналық мектебі» жобасы аясында аудандағы барлық орта білім беретін мектептерде осы тағылеттес рухани-тәрбиелік іс-шаралар жалғасын табуда.

Бүгінгі бала – ертеңгі халық екенін ескерсек, ұрпақ тәрбиесі отбасындағы әжелерден басталып, мектепте ұстаздар беретін сапалы біліммен жалғасын тапса, болашағымыздың жарқын болары сөзсіз!

Жұлдыз БҰЗАУҚЫЗЫ,
Әуезов ауданы әкімі
аппаратының бас маманы.
Алматы қаласы.

Менің әкем – ең жақсы адам



Мәдина Көпболқызы ДЕМЕСІН,
Ә. Кекілбайұлы атындағы мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі.

Онды ауылы,
Маңғыстау ауданы,
Маңғыстау облысы.

Мақсаты:

- Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты, оқушылардың ата-анаға деген құрмет сезімін нығайту. Жанұя арасындағы байланыс, әкенің ұлға тәрбиесінің ықпалын айтып, балаларды бірін-бірі сыйлай білуге, қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу;

- Ата-анаға құрмет сезімін нығайта отырып, егеменді еліміздің болашағы, өз елін жан-тәнімен сүйетін патриот балаларды тәрбиелеудегі әкелердің жауапкершілігін арттыру.

Кештің жүру барысы:

1. «Менің әкем – ең жақсы адам»;
2. «Әкемнің көзімен»;
3. «Біз екеуміз»;
4. «Танып ал»;
5. «Әкең бар да орындалар арманың».

Жүргізуші:

Отқа түстің, суға түстің мен үшін,
Енді міне бағын берді жемісің.
Бала қыран шынға шықса бұл күнде,

Мұның бәрі, әке, сенің жеңісің.

Әке – сенің қамқорың, әке – сенің асқар тауың, дегендей, ендеше, бүгінгі кешке шақырылған әкелерімізді ортаға шақырайық.

Жүргізуші: Қымбатты қонақтар, әкелер! Бүгінгі кешке қош келдіңіздер!

Әке – ұрпақтың панасы, үйдің басшысы, әрі тәрбиешісі. Өмірге келген баланың әрбір сәтті қадамы әке үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш болмақ. Сондықтан да әке ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа ғана әкеледі. «Әкеге бағыну – Аллаға бағыну», - депті Мұхаммед пайғамбарымыз. Демек, әкені ренжітпей оның айтқан сөзінен шықпай, орындап отыру – әрбір баланың басты парызы. Ақылы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. Әкенің құшағына еніп көрші, ол құшақтан босағың келмейді. Әкенің жылы жүрегінен еркелетіп айтқан әр сөзі жүрегіңнің бір бөлігіне барып мәңгілік өнеге болып құйылып жатқандай. Осындай мейірімді, жылы жанды адам өмірдің кейбір қиыншылығынан қорғап, асқар белдерінен демеп асырып, қорғап тұрған асқар тау сияқты көрінеді. Әр әкенің арманы – баласының дұрыс тәрбиесі, өмірде өз жолын тапқан, адамгершілігі бар ұрпақты шығару.

«Әкелер» әні орындалады.

Жүргізуші: Қымбатты қонақтар! Кешімізді одан әрі жалғастырайық. Әр топтың визиттік карточкасына кезек берейік. Бүгінгі визиттік карточкамыз

«Менің әкем ең жақсы адам!» аталады. Әр бала өз әкесін қалай сипаттайды екен, экранға назар аударайық.

(Экраннан бейнеролик көрсетіледі)

Жүргізуші: Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін білу үшін, балаңыз туралы не білесіз? Бұл бөлім «**Әкемнің көзімен**» деп аталады. Ендеше әкелерімізге балалары туралы сұрақтар қойылады, әкелеріміз қалай жауап берер екен.

(Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Доп беру арқылы ата-ана қойылған сұрақтарға ойланбастан жауап береді)

Сұрақтар:

1. Балаңыздың ең жақын досы кім?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін ұнатады.
4. Балаңыздың сынып жетекшісі кім?
5. Балаңыз бос уақытын қалай өткізеді?
6. Балаңызға бір күнде қанша уақыт бөлесіз?
7. Балаңыз кімді үлгі тұтады?
8. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қанша?
9. Балаңыз қандай пәнді ұнатады?
10. Балаңызға қандай кино ұнайды?
11. Балаңызды қалай еркелетесіз?
12. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
13. Балаңыз жеті атасын біле ме?
14. Кез келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
15. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
16. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
17. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан

кешірім сұрайсыз ба?

18. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

19. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

Жүргізуші: Әкелерге сұрақ: Балаңызбен қашан ойнадыңыз? Балаларыңызбен ойын ойнайсыз. Бұл бөлім «**Біз екеуіміз**» деп аталады.

Жүргізуші: Келесі бөлім «**Танып ал**» деп аталады. Балалардың жазуынан өз балаңыздың қолтаңбасын тануларыңыз қажет.

(Балалардың дәптерінің парақтарынан өз баласының жазуынан тануы керек)

Жүргізуші: «**Әкең барда орындалар арманың**» дегендей, өмірдегі керегінді алдымен бір Алла, екінші әкең берері анық. Әкем мен үшін ғажап, керемет адам. Әке отбасында ақылшың. Әке тәрбиесін көрген адамның өмірге деген көзқарасы, сана сезімі жоғары дәрежеде дамиды деп ойлаймын. Әке тәрбиесін көрген бала ешқашанда жаман болмас дей келе балалардың ақжарма тілектеріне кезек берейік.

(Экраннан бейнеролик көрсетіледі)

Жүргізуші: Д. Локк: «Сәби деген — таза тақта, не жазсаң соны оқисың», — десе, халқымыз «Атым озса сенің арқан, Әке,

Бағың жанса сенің дұған, Ана», — деген екен.

Әке — жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу — кез келген ұлдың перзенттік борышы. Бала үшін әке қашанда Әке болып қалуға тиіс. Әкелеріміз аман болсын!

«Білгірлер» сайысы

Мақсаты: ҚР Тәуелсіздігінің қарсаңында оқушылардың білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан-жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын арттыру. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін өркендетуге, Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан-жақты дамыған, зерделі, батыл текті, намысты ұрпақ, шынайы патриоттар тәрбиелеу. Өз Отанын сүйуге, туған елінің тарихын, зиялы тұлғаларын тануға шақыру.

Көрнекілігі: еліміздің рәміздері, слайдтар.

Қолданылған құрал-жабдықтар: компьютер, интерактивті тақта, бағалау парағы, марапаттау қағаздары.

I жүргізуші: Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері бізге ана тіліміз арқылы жетеді. Қазақ тілі өте бай, көркем тілдердің бірі. Мемлекеттік тілді меңгеру — әр азаматтың парызы.

I жүргізуші: Сондықтан ортамызға бүгінгі «Білгірлер» сайысының үміткерлерін шақырамыз. (7-сынып оқушыларынан 3 топ)

II жүргізуші:

Әрқашанда білім көптік етпеген,
Талапсыз жан мұратына жетпеген.
Сәлем бердік ұландарға талапкер,
Дос көңілден, адал, аппақ ниетпен.

I жүргізуші: Бүгінгі сайысымыз мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең — «Мықты болсаң, тауып

көр»; 2-кезең — «Білімдіге өріс кең»; 3-кезең — «Өнерлі өрге жүзер».

II жүргізуші:

Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.
Білім мен тапқырлардың сайысында,
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.
(Әділ қазылар мүшесімен таныстыру)

I жүргізуші:

Сәлем берем халқыма,
Сәлем берем жалпыңа,
Сәлемдесу кіреді,

Ата-дәстүр салтына, - демекші, әр топ өз мүшелерімен таныстырып, төс белгісін көрсетіп, ұранын айту керек.

I кезең «Мықты болсаң, тауып көр»

I жүргізуші: Әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Сұраққа дұрыс, толық жауап беру керек. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

I топтың сұрақтары:

1. ҚР Тәуелсіздік туралы Заңы қай жылы қабылданды? (1991 ж. 16 желтоқсанда)

2. ҚР Тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров қай жылы ғарышқа самғады? (1992 ж. қазан айында)

3. Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясы қашан қабылданды? (1995 ж. 30 тамыз)

4. Қазақстан Республикасында Тілдер мерекесі қашан тойланады? (22 қыркүйекте)

5. Қазақстан астанасы қай жылы Ақмола қаласына көшірілді? (1997 ж.)

6. Абайдың қанша қарасөзі бар? (45)

7. Қазақтың тұңғыш геолог ғалымы кім? (Қаныш Сәтбаев)

8. Астана қаласының бұрынғы атауы қандай? (Ақмола, Целиноград)

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының авторы кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов)

10. Тәуелсіздік үшін күрескен Желтоқсан оқиғасының құрбандары кімдер? (Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, т.б.)

II топтың сұрақтары:

1. ҚР Мемлекеттік рәміздері қай жылы бекітілді? (1992 ж. 4 маусымда)

2. Төл теңгеміз қашан дүниеге келді? (1993 жылы 15 қарашада)

3. Саммит сөзінің мағынасы, ЕҚЫҰ (Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының) саммиті қай жылы өтті? (Мемлекет басшыларының келіссөздері, ағылшын тілінен аударғанда шын, биік деген мағынаны білдіреді 2010 ж. ЕҚЫҰ саммиті өтті)

4. ҚР «Тіл туралы» Заңы қашан қабылданды? (1997 ж. 11 шілдеде)

5. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген кімнің сөзі? (Абайдың сөзі)

6. «Мен — қазақпын» поэмасының авторы кім? (Жұбан Молдағалиев)

7. Қазақ елінің астаналары болған қалалар. (Ақмешіт, Верный)

8. ҚР Мемлекеттік туының авторы кім? Онда не бейнеленген, мағынасы қандай? (Шәкен Ниязбеков. Көк аспан, қыран құс, алтын күн, ұлттық ою-өрнек)

9. Алғашқы рет алтын адам табыл-

ған жер, Қазақстан жерінде неше рет алтын адам табылды? (Есік қорғаны, барлығы 4 рет: 2-рет 1999 жылы Ақтөбе облысының Жылыой ауданына қарасты Аралтөбе қорымында табылған; 3-рет Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығында; 4-рет **Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында**)

10. Астана қаласының бейресми символына айналған ғимарат? (Бәйтерек)

III топтың сұрақтары:

1. Атақты қазақ суретшісі кім? (Әбілхан Қастеев)

2. «Тарих» сөзі қандай мағына береді? (Зерттеу, өткен оқиғалар жайлы әңгіме)

3. Әнұранның авторларын атап бер. (Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев, Ш. Қалдаяқов)

4. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)

5. Тәуке ханның қазақ тарихындағы ең үлкен еңбегі қалай аталады? (Жеті жарғы)

6. Орхон-Енисей жазбаларын қайдан тапты? (Моңғолиядан)

7. Бәйтеректің биіктігі неше метр, оның себебі неде? (97 метр, 1997 жылы астананы көшіру бекітілді)

8. Елорда ажарын асқақтатар орындар? (Бәйтерек, «Қазақ елі» монументі, «Ақорда», «Думан», т.б.)

9. Қазақстанның ұлттық валютасы, ол қашан айналымға енді? (Теңге, 1993 ж. 15 қараша)

10. Еліміздің рәміздері қабылданған күн? (1992 ж. 4 маусым)

I жүргізуші: «Мықты болсаң, тауып көр» кезеңі бойынша бағаларыңызды

беруіңізді сұраймыз.

II кезең «Білімдіге өріс кең».

II жүргізуші: Ал енді «Білімдіге өріс кең» кезеңінде топ ойыншыларын сынап көрелікші. Топтар кезек-кезек сұрақтарға жауап береді. Барынша көп ұпай жинауы керек. Мәдениетіміздің салалары бойынша сұрақтар беріледі. Сұрақтар қиындылығына байланысты 10, 20, 30 балдарымен бағаланады.

Ғылым	10	20	30
Өнер	10	20	30
Спорт	10	20	30
Кино	10	20	30

Ғылым:

10 — Қаныш Сәтбаев кім? (Тұңғыш қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА тұңғыш президенті, академигі)

20 — Әл-Фарабиді сегіз қырлы бір қырлы жігіт деуге бола ма? Неге? (Ол ғылымның көп саласын меңгерген, философ, социолог, ботаник, лингвист, музыка зерттеушісі)

30 — Алтын адам қай жерден табылды? (Алматы қаласының маңында Есік қорғанында)

Өнер:

10 — Шәкен Айманов кім? (Әйгілі актер, режисер)

20 — Құрманғазының атақты күйі? («Адай»)

30 — Қазақтың кәсіби музыкасының қара шаңырағын көтеруші кім? (Ахмет Жұбанов)

Спорт:

10 — Қазақ халқының ұлттық ойындарын ата. (Бәйге, көкпар, тоғызқұма-

лақ, асық, күрес, т.б.)

20 — «Сидней» олимпиадасында алтын медаль иеленген қазақ спортшысы? (Бекзат Саттарханов)

30 — Грек-рим күресінен Әлем, Еуропа және Азия чемпионы болған кім? (Д. Тұрлыханов)

Кино:

10 — Қандай қазақ фильмдерін білесіңдер?

20 — Қазақтардың тарихын бейнелейтін кино. («Көшпенділер»)

30 — «Қыз Жібек» фильмінің режисері кім? (Сұлтан Қожықов)

I жүргізуші: «Білімдіге өріс кең» кезеңі бойынша бағаларыңызды беруіңізді сұраймыз.

II жүргізуші: III кезең «Өнерлі өрге жүзер» Берілген тақырыптарға постер құрастырып, әңгімелеп, оны қорғау керек. Сондай-ақ үй тапсырмасына берілген тәуелсіздік туралы тақпақты жатқа айту керек.

1. «Қазақстан — тәуелсіз мемлекет»;

2. «Астана — бас қала»;

3. «Рәміздер — ұлт мақтанышы».

I жүргізуші: Топтар дайындалғанша олардың жанкүйерлерімен «Полиглот» ойынын ойнаймыз. Мақалдарды аяқтап, жасырылған сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аудару керек. Дұрыс жауапқа 1 ұпай, сол сыныптың тобына қосылады.

1. Жүздің көркі — көз, ауыз көркі — ... (сөз, слово, word)

2. Тіл тас жарады, тас жармаса ... жарды (бас, голова, head)

3. Өнер алды — қызыл ... (тіл, язык, language)

4. Жақсы байқап сөйлер, ... шайқап сөйлер (жаман, плохой, bad)

5. Ана сүті бой өсіреді, ... ой өсіреді (ана тілі, родной язык, mother tongue)

6. Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей ... боларсың (шешен, оратор, speaker)

7. Көп сөз күміс, аз сөз ... (алтын, золото, gold)

8. Мектеп — кеме, білім — ... (теңіз, море, sea)

9. Денсаулық — зор ... (байлық, богатство, wealth)

10. Білім сандығы — ... (кітап, книга, book)

I жүргізуші: Сөз кезегін сайыскерлерге береміз.

II жүргізуші:

Тәуелсіздік таңы сендер, білемін,
Болашаққа бар білімін берерін.
Барыс текті жастар, сендер, білемін,
Жалындатып биік шыңда жүрерін,
- дей отырып, бүгінгі сайысымызды
аяқтамас бұрын, әділ қазы алқасына
сөз берейік.

**Жадыра Кошербаевна
БАЙМАҒАНБЕТ,**

**«Семей қаласының №37 гимназиясы»
КММ-нің математика пәні мұғалімі.**

**Семей қаласы,
Абай облысы.**

Аталар сөзі – тәрбие көзі

Мақсаты: Халқымыздың ата заманынан келе жатқан ұлттық мұрасының бірі ұлттық салт-дәстүр негізінде адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Ұлттық дүние таным негіздерін қалыптастыру. Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу.

Көрнекілігі: Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер. Ұлттық нақышты сөздер, сөзжұмбақ, ребус, ойын «Бой жазу», т.б. ойындар.

(«Ата толғау» күйі жәймен ойнап тұрады)

1-оқушы:

Ата салты — ардақты,

Әрбір сөзі салмақты.

Сол сөздерді ұқпасаң,

Тістерсің бір күн бармақты.

2-оқушы:

Көп жасаған қария

Ақылы теңіз — дария

Көп өнеге сөзі бар

Сөзі соқпақ, өзі нәр.

3-оқушы: Өмірде не жетім?

4-оқушы:

Өмірде тоғыз жетім бар.

Халқына сенімсіз болса — хан жетім.

Ханы ақылсыз болса — халқы жетім,

Кеңесшісі ақылсыз болса — әкім жетім.

Суы жоқ құдық — жетім,
Ұлы жоқ әке — жетім.
Қызы жетесіз болса ана — жетім,
Досы жоқ жігіт — жетім.
Шәкіртсіз ұстаз — жетім,
Ата-анасы жоқ бала жетім.

5-оқушы: Үйде кім, елде кім қадірлі?

6-оқушы:

Үйде қонақ, қарт, бала қадірлі.
Елде хан, әкім, ұстаз қадірлі.

7-оқушы: Жоқты бар, ашты тоқ ететін кім?

8-оқушы: Әке қанша мейрімді болса да, ананың жөні бөлек, Жоқты бар, ашты тоқ ететін де ана. Анасыз бала ұйықтамайды, қатықсыз айран ұйымайды.

9-оқушы: Елді кім, үйді кім бүлдіреді?

10-оқушы: Елді өсекші бүлдіреді, үйді ақылсыз бала бүлдіреді.

Әкім ақылсыз болса — ел тозады, өсек әкімді өсірмейді. Үйдегі алтын қазық кім?

11-оқушы: Үйдегі алтын қазық — ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі. Ана ақылшын, әке қамқоршын.

Ойын: «Дауыссыз дыбыстарды қойып, сөздерді дұрыс оқу». Ребус шешу.

«Бой жазу» ойыны:

1. Аптаның төртінші күні (бейсенбі)

2. Жұма күні қазақтардың пісіретін наны (шелпек)

3. Түйе сүті (шұбат)

4. Шөлге шыдамды жануар (түйе)

5. Ұя салмайтын құс (көкек)

6. Қоянның баласы (көжек)

7. Қыста ұйықтайтын аң (аю)

8. Шығыс елдерінің Жаңа жылы (наурыз)

9. Ат жарысы (бәйге)

10. Кіші жүздің биі (Әйтеке), Орта жүздің, Ұлы жүздің билерін атау.

11. Жұма күндері қазақтардың баратын жері (мешіт)

12. Сәтті күн (сәрсенбі)

13. Аптаның қасиетті күні (Жұма)

12-оқушы: Адамға ақыл беретін кімдер?

13-оқушы: Ата-ана, ұстаз, дос. Ата-ана ақылын баласына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Адал дос ақылшын, ақылшы дос — жақының. Досы көптің табысы көп, табысы көптің жақыны көп.

Адамның ақылы қайда?

14-оқушы:

Ханың ақылы тағында,

Әкенің ақылы жанында.

Ғалымның ақылы басында,

Ананың ақылы жасында.

Жігітің ақылы жақсылығында,

Ақымақтың ақылы кім көрінгенің қалтасында.

Тәрбиеші: Күнделікті өмірде үлкен адамдардың айтып отыратын ырым мен тыйым сөздер жарысын өткізейік. Кім көп біледі, кімнің есінде қалғанын көрейік.

1-оқушы: Отқа су құйма, түкірме. Себебі кезінде ата-аналарымыз отқа табынған. От өмір, тіршілік көзі саналған.

2-оқушы: Жыңғылмен тас қамшылама.

3-оқушы: Итке ожаумен ас құйма.

4-оқушы: Аққуды атпа.

(Осылайша балалар тыйым сөздер айтып жарысады)

«Қазақша» биі орындалады.

Тәрбиеші: Енді кезекті біз ненін жақсы, не жаман екендігімен, қасиетті ұғымдармен танысуымыз керек. Бұл бөлім сайыс түрінде өтеді. Жерден ауыр не бар?

1-оқушы: Жерден ауыр — ақыл, білім.

Тәрбиеші: Судан терең не бар?

2-оқушы: Судан терең — оқу, ғылым.

Тәрбиеші: Оттан ыстық не бар?

3-оқушы: Оттан ыстық — адамның өмірі.

Тәрбиеші: Көктен биік не бар?

4-оқушы: Көктен биік — тәкәппардың көңілі.

Тәрбиеші: Алтын алаш деген не?

5-оқушы: Алтын алаш деген — Алаш ханның балалары; Қазақ, Қарақалпақ, Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Жайылхан.

«Менің елім Қазақстан» әні орындалады.

Тәрбиеші: Ендігі сайысымызды мақал-мәтел айту түрінде жалғастырамыз. Мақалды бір оқушы бастауы керек, ол кімге доп берсе, сол оқушы мақалды жалғастыруы керек. Таңдап алынған мақалдар тіл, шешендік, ата-ана, ұл, қыз туралы айтылатын мақалдар.

1. Таппасаң сөздің жүйесін / отына өзің күйесің;

2. Ақылдының сөзі қысқа / көпке болар нұсқа;

3. Шешен сөз бастар / батыр қол бастар;

4. Қылыш жарасы бітеді / сөз жарасы бітпейді;

5. Көп ішінде сөйлеген / ойға салмай сөйлеген;

6. Көсемдіктің белгісі / шешендіктің белгісі;

7. Көп сөз — күміс / аз сөз алтын;

8. Жақсы жігіт аспандағы жұлдыз / Жақсы қыз жағадағы құндыз;

9. Әке көрген оқ жонар / шеше көрген тон пішер;

10. Өткір тіл дарын / ұзын тіл жауын;

11. Келісті сөз — күміс / жемісті жұмыс — алтын;

12. Тоқсан ауыз сөздің / тобықтай түйіні бар;

13. Тіл тас жарады / тас жармаса бас жарады;

14. Жігіт болсаң жеті елдің тілін біл / немесе жеті түрлі ғылым біл / допты тәрбиешіге қайтарып береді.

Тәрбиеші: Міне, балалар, сендер тәлім-тәрбие аларлықтай «Ақыл сөз, нақыл сөздер» өте көп екен. Сондықтанда үлкендердің әр сөзіне зер салып, әр сөзінің астарына үңіле қарай білу керек. Әсіресе, тәрбиешілердің, мұғалімдердің әр сөзін ұғып, кәрі адамдардың ақылын естеріңе сақтағандарың жөн.

Батимаш ҚҰДЫСБЕКОВА,

№8 мектеп-интернатының

тәрбиешісі.

Алматы қаласы.

Отан және Шәмші аға

1-оқушы:

Отаным — алтын ұям, абзал анам,
Жайнай бер, жайқала бер, болма
алаң.

Тамаша дархан бейбіт өмірінді,
Қорғайды күзетеді мың сан балаң.

2-оқушы:

Теңелткен елімде бар ұлтты,
Дос еткен халықпен халықты,
Қастерлеп ананы, баланы
Жайнатқан даланы — Отаным.

III. Қалдаяқовтың «Отан» әні орындалады. Орындайтын хор.

3-оқушы:

Жасымнан жақсы көріп сүйдім әнді,
Атырдым әнге бөлеп талай танды:
Асқақ үн, әдемі ән құшағында
Күн күліп ұясына талай барды.

4-оқушы:

Келемін кешіп таң шығын әлі,
Шығысты шапақ бояпты.
Шәмшінің әні, Шәмшінің әні
Көкірегімді оятты!..

5-оқушы:

Келемін кешіп таң шығын әлі,
Қырқада жұпар бұрқырап.
Естіліп тұрды Шәмшінің әні,
Сезімтал жанның ырқын ап.

«Шәмші аға» әні орындалады.

Отан және Шәмші аға

Жүргізуші: Шәмші Қалдаяқов 1930 жылы Шымкент облысының Шәуілдір селосында туған.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Ән жанрында жазатын белгілі. Ән жанрында жазатын белгілі композиторымыз Шәмші Қал-

даяқов ағамыздың «Ақ мандайлым», «Ақ сұңқарым», «Ақ бантик», «Отан», «Менің Қазақстаным», «Қайықта», «Қайдасын», «Балдырғандар әні» тағы басқа көптеген әндері бар.

Бұл әндер әуенділігімен, әсем саздылығымен ерекшеленеді. Шәмші ағаның әндері

республикамыздың қай өңірінде болмасын жиі айтылып, ән сүйер қауым арасына кең тараған.

Шәмші Қалдаяқов саналы ғұмырының біразын шәкірттерді тәрбиелеп, өнерге баулуға жұмсады. Шымкент, Алматы мектептерінде «Ән — музыка» пәнінен сабақ берді. Мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып та қызмет атқарды.

Оның әндерінің негізгі тақырыбы «Отанды сүйе», «Еңбек адамына», «Жастарға»,

«Мектеп жасындағы балалар мен бүлдіршіндерге» арналған. Шәмші аға кезінде

музыкада «Вальстің падишасы» атанған тұлға. Шәмші Қалдаяқов 1993 жылы дүние салды. Қазақ әуесқой сазгерінің Шәмші Қалдаяқовқа арналған «Шәмші аға» әні халық аузынан түспей айтылып жүр. Бүгінгі күні Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны» болып бекіді.

Шәмші Қалдаяқовтың қандай әнін білесіңдер?

Анаграмма Шәмші аға

Б	А	Қ	Ы	Т		Қ	Ұ	Ш	А	Ғ	Ы	Н	Д	А											
								Ә	Н	І	М		С	Е	Н		Е	Д	І	Ң					
				А	Қ		М	А	Ң	Д	А	Й	Л	Ы	М										
		Қ	У	А	Н	Ы	Ш		В	А	Л	Ь	С	І											
				К	Е	Ш	І	К	П	Е	Й		К	Е	Л	Е	М		Д	Е	П	Е	Ң		
		М	Е	Н	І	Ң		Қ	А	З	А	Қ	С	Т	А	Н	Ы	М							
		А	Р	Ы	С		Ж	А	Ғ	А	С	Ы	Н	Д	А										
А	Қ		Е	Р	К	Е	-	А	Қ		Ж	А	Й	Ы	Қ										

Жыр жұлдызы Фариза

Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне орай Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған ақын ескерткіші алаңында өткен жыр марафонының сценарийі.

Мақсаты: ақынның шығармаларын жас оқырмандарға таныстыру, өлең-жырларын насихаттау, қаладағы тарихи мұраларды, ескерткіштерді таныстыру.

Көрнекілігі: ақын портреті, ақын туралы қанатты сөздер, «Тұнық жырдың тұмары» кітап көрмесі.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, оқушылар, оқырмандар! Құрметті қонақтар, оқушылар, оқырмандар!

«Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» кітапханаларының ұйымдастыруымен өткелі отырған 18 сәуір — Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне орай Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған «Жыр жұлдызы Фариза» атты жыр марафонына қош келдіңіздер!

Шарамызды бастамас бұрын ақынды бір минут еске алып, рухына тағзым етейік.

1 минут үнсіздікпен еске алу. Ескерткішке гүл шоғын қою рәсімі.

М. Айтқожинаның «Құмдағы қызғалдақ» атты өлеңі оқылады.

Жүргізуші: Сөз қадірін, өз қадірінен артық көрген халқымыздың дүлдүл ақындары да өлеңмен өрілген рух мұрасының алтын қақпасы сынды. Осындай қазақтың бір туар ақынының бірі Фариза Оңғарсынова 75 жасында өмірден озды.

Дүние есігін іңгәлап ашқан жас нәресте қазақтың талбесігінде жатып, сырбаз даланың әсем әуеніне, сұлу табиғатына елітіп өсті. Туған жердің тылсым табиғаты нәресте бойына ақындық өнерді дарытып, аялы алақанына салып мәпеледі. Оның үстіне тумысынан турашыл, дархандығы асқан думаншыл, әділдіктің ақ туын желбіреткен ақындық тағдыры балғын қыздың маңдайына бітер бақ-дәулеттей көрінді. Фариза өлеңдері оқырмандарының жан азығына айналған қымбат дүние. Көркемсөз майда-нында ақынға, жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық сияқты адамгершілік-азаматтық қасиеттердің асқар биігінен көрінген ақын. Фариза жырлары кейінгі ұрпақты адамгершілікке, ар-намысқа, ерлікке, нәзіктікке, ананы, әкені, туған жер

мен адамзатты сүйуге бастап апаратын ақ жол іспетті. Өнер-қазынадан өрімдей болып ақтарылған өлең моншақтары жылдар өткен сайын жарқырай түсті.

Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне орай өтір жатырған шарамызда мына тұрған ескерткіштің тарихына тоқталып өтейік. «Дара күндерімнің, нала түндерімнің, серігі болғаның үшін, сенімі болғаның үшін, мен сені аялаймын» деп қазақ поэзиясына адалдығынан танбаған ақын Фариза Оңғарсынованың ескерткіші сомдау конкурс арқылы таңдалды. Қазақстан жобалаушылар ұлттық қауымдастығының вице-президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сәулетшісі Серік Рұстамбековтің айтуынша, конкурсқа ақынның бейнесі сомдалған 12 жоба ұсынылған. Оның ішінде ақынның отырған бейнесі сомдалған нұсқа да болыпты. Арнайы комиссияның мүшелері бүгін тұғырға орнатылған нұсқасына таңдау жасапты. Ескерткіш қоладан құйылған, тұғырының биіктігі – 4 метр 50 см, ал ақын бейнесінің биіктігі 4 метр 10 см. Тұғырдың сегіз қабырғасы бар, оның бірінде ақынның аты-жөні, қалған жетеуінде поэзия падишасының өлеңдерінен бір шумақтан жазылған. «Ақынның туыстарымен де ақылдастық. Олар біздің шеберханамызда болып, шаш үлгісіне қатысты өз ойларымен бөлісті. Мүсінді Мұрат Мансұров

жасады. Ақынның шабыттанып, жаңа жыр жазуға ұмтылып тұрғанын бейнеледік», - дейді сәулетші Серік Рұстамбеков. Ақын ескерткіші Атырау қаласындағы қазақ ғылымының заңғар тұлғасы Қаныш Сәтбаев даңғылында, қазір біз тұрған алаңда 2016 жылдың наурыз айында бой көтерді.

Жүргізуші: Фариза Оңғарсынованың балалық шағы Нарын құмының арасында қарапайым жанұяда өтеді. Әкесі еліне сыйлы, ашық-жарқын адам болған. Ол әкесіне арнап көптеген өлеңдер шығарған. Бұл өлеңдер өз әкесімен бірге барлық әкелерге арналған. Фариза әкесінен жастай жетім қалып, анасы Халиманың тәрбиесінде болады. Анасы көп сөйлемейтін, сөйлесе мақалдап сөйлейтін, аса ақылды, рухани қуатты, сұлу адам болған. Фариза анасы арқылы ертегі, аңыздарды кішкентайынан бастап құлағына құйып өседі.

Ақынның әке-ана туралы өлеңдері оқылады

1. «Әкеме»;
2. «Анама».

Жүргізуші: Әркімнің туған жері, туған өлкесі бар. Туған жерге, туған елге деген махаббат әркімнің жүрегінен орын алған. Оған ақындар өлең жазса, сазгерлер ән арнаған. Сол сияқты Фариза апамыз да өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын өз өлеңдері арқылы бере білді.

Ақынның туған жер, Отан, елге арналған өлеңдері оқылады

1. «Туған жер»;
 2. «Жер мен адам»;
 3. «Айналайын ауылдың адамдары-ай!»;
 4. «О, туған жер».
- «Айша бибі» әні орындалады.**

Жүргізуші: Өлең өмір, өлең жан, өлең сезім десек, сырлы лирикаға тән ерекшелік өмір құбылысын жүрек толқынысы мен шынайы тербеліс арқылы жеткізу болып табылады. Фариза апамыздың мұңайған, қиналған, қуанған, кездердегі сырласы да, мұңдасы да, досы да поэзия болғаны анық.

Ақынның әр тақырыпта жазылған өлеңдері оқылады:

1. «Мен бір қызық адаммын»;
2. «Өлең мен сені аялап өтем»;
3. «Ойламадың сен мені, еске алмадың».

Ф. Оңғарсынованың сөзіне жазылған Әсет Бейсеуовтің әні «Жақсы көру» әні орындалады.

Жүргізуші: Фариза апамыздың өлеңдері әр тыңдаушының жүрегіне терең ой салып шабыттандырады. Қаншама жанды қара өлеңмен жұбатып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген сондай қайталанбас тұлға, поэзия падишасы ақын Фариза Оңғарсынова адалдық, намысқойлық, жаны да, ары да таза ерлерге лайық биіктерде ғана көрінген ақын, қашанда сол биігінен көріне берсін дейміз. Фариза апамызға арнап Мұқағали Мақатаев «Фариза жан» әнін шығарған еді.

«Фариза жан» әні орындалады.

Ақынның әр тақырыпта жазылған өлеңдері оқылады:

1. «Төзу керек, бәріне төзім керек»;
2. «Қалмады сөзде қадір, тілде кие»;
3. «Өмір».

Қонақтарға сөз беріледі.

Жүргізуші: Фариза апамыздың соңында уақыттың тозаңы қонбас ғажайып мол мұрасы қалды. Ол — мәңгілік! Ғасырдан ғасырға өткен сайын жаңа қырымен жарқырай түсер, егемен еліміздің жас ұрпағының жаттап өсер жасампаз жырына айналар. Фариза біздің заманның, адамзаттың биік үлгідегі ақыны болып қалды. Қазақтың өр мінезді, асқақ рухты ақын қызы Фариза Оңғарсынованың жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Мәңгілік ғұмырын бастаған ақын даңқына бәріміз бас иеміз.

Осындай жан дүниемізді байытатын, рухани байлығымызды кеңейтетін поэзияның падишасы болып, халықтың сүйікті ақыны болып кеткен, өмірін өлең деп ұққан, қазақ жырында өзіндік ақындық әлемімен аты шыққан Қазақстанның халық жазушысы Фариза апамызды еске алуға арналған кешіміз де өз мәресіне жетті. Фариза Оңғарсынованың өнегелі өмірі, айтқан өсиеттері арқылы жас ұрпақ елін сүюге, үлгілі азамат болуға ұмтылады деген үмітпен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. Амандықта жүздескенше!

Отбасы – ұлағат ұясы

Отбасы — адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі, адам өмірінде кездесетін бағалы құндылықтың бірі. Тәрбиенің кілті — отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей бала үйден көргенін жасайды. Сол себептен бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ананы жан-жақты тәрбиелеу қажет. Жұмыр жердегі әр пенде ата-ана ақылымен болашағына бағдар жасайды, өн бойына өнеге дарытып, тәрбие мен тағылым қалыптастырады. Демек бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ана мен отбасының маңызы зор. Өнегесі мол отбасы болу перзент үшін ғана емес, ел үшін де ерекше рөл атқарады. «Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған» демекші жанұяда жарасым тауып, ізгілік пен махаббатқа шомылып өскен бала болашақта елдің тірегі болады.

Жарық тұрғын үй алабындағы №7 кітапхана «Отбасы — ұлағат ұясы» тақырыбында ымырттағы кітапхана кешін ұйымдастырды. Сыр-

сұхбат алаңының құрметті қонағы болып еңбек ардагері, Қазақстан Республикасына еңбегін сіңірген педагог, Ы. Алтынсарин белгісі иегері, Ақтөбе қаласындағы республикалық «Қазақ аналары — дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Маржан Әбдіжәмиқызы Бақтыгереева қатысты.

«Дәстүрге жол» жобасының мақсаты — таным көкжиегі кең, өзіндік пікірі бар, белсенді аналардың көмегімен ел ішінде ұмытылып баратқан ата дәстүрді жаңғырту.

Кеш қонағы әңгіме барысында отбасының адам үшін маңыздылығын жан-жақты ашып, отбасындағы жарастықты, сыйластықты сақтаудың негізгі ерекшеліктеріне тоқталды. Бала тәрбиесінде тілімізді, ділімізді, ұстанған дінімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымыздың озығын насихаттап үйрету, тәлім-тәрбиенің өзегі ету бүгінгі таңның өзекті мәселесі екенін көпшілікке жеткізді.

Отбасы, ұшқан ұя — жылылықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.

Мақаламды Мұзафар Әлімбаевтың мына өлеңімен аяқтағым келеді.

Қипактайды қит етсе анаң, әкен,
Қайтсем ғана осыны адам етем,
Басқалардың осындай балалары,
Тап осындай жаңғалақ шала ма
екен

Ойым емес, оллаһи, біздікінің...
Енжарлығы елде жоқ алабөтен
Туа сала тұлпардың жалын тарт-
қан;

Қырғиларға қызығып қарап өтем.
Жарық сыйлап маңына жылу
сыйлап,

Бұ да бір күн алаудай жана ма
екен?

Ел қатарлы елеулі еңбек етсе-ау,
Болмаса да топ жарған дара бөтен.

Мүше тістеп мықтылар той жаса-
са,

Жерге қарап мен сорлы қалар ма
екем?

Үміт пен күдіктің ортасында Ата-
ананың үміті талады екен!

Міне осылайша, өз баласының
болашағына алаңдап, «Қайтсем де
баламды адам етем» деген ата-ана-
ның арманы баласымен бірге жа-
сайды екен.

**Базаркул Бимуханбетовна
КЕНЕТАЕВА,**

**Жарық тұрғын үй алабындағы
№7 кітапхананың меңгерушісі.**

Ақтөбе қаласы.

*«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол
барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дө-
нін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған
жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсы-
рылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе
болмақ емес»*

Я. Коменский

Рухани досың – кітап болсын

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Жаңа технология заманында да кітап оқу – рухани азық ретінде дүниетанымызды байытып, адамның ой-өрісіне ықпал жасайды.

Ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің:

Сауысқанның тамағы

Шокуменен табылған...

Өнер-білім бәрі де

Оқуменен табылған, - деген керемет өлеңі бүгінгі күні өз мағынасын жойған жоқ. Оған себеп өскелең ұрпақтың руханият әлеміне айналып отырған кітапханадағы кітап қоры болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өскелең ұрпақтың

үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», - деген болатын. Міне, соған дәлел «Балдәурен-Қонаев» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында демалатын демалушы – жас дарынды балалар. Ал орталықтың кітапханасы – балалар аймағы, кітап қазынасы, оның оқырмандары – жасөспірімдер.

Басты бағыттарды алға қоя тұрып, кітапханамызда түрлі көпшілік іс-шаралар болып тұрады.

Әр ауысымның кезекті демалушысын, жас оқырмандарын кітапхана кесте бойынша өз есігін айқара ашып қарсы алады. Демалушы жас достардың бос уақыттарын кітапханада өткізуге, кітаппен достасуға, рухани дүние



танымын арттыруға құлшыныстары арта түсуде. «Менің өлкем — ғажап әрі көркем» атты көрме арқылы Қонаев қаласы тарихымен танысудан басталатын кітап оқу сағаты кітапхана қорындағы әдебиеттермен жақын танысып, таңдауы бойынша кітап оқуға мүмкіншілік алады.

Кітапханада мереке, айтулы күндерге, ауысым тақырыбына орай «Жылы жүрек, жомарт қол», «Қарымды қаламгер» «Бір ел — бір кітап — 2023», «Кітапханаға кітап сыйла», «Ұлы Дала Дарасы — Қожа Ахмет Яссауи», «Арқаның ардагері Ақан сері», «Кітап — ғажайып әлем», «Тіл — ұлттың жаны», «Балалардың сүйікті жазушысы» атты кітап көрмесі, тақырыптық сөрелер ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Кітап — ғажап әлем» атты кітап кеші болып өтті. Кеште «Мен

оқыған бір кітап» READx жобасы алаңында жазушы О. Бөкейдің «Қарқызы» шығармасын насихаттау және қазақ ақын-жазушыларының туындысы бойынша «Шығармадан үзінді», «Сурет арқылы жазушыны тап», «Мозайка», сұрақ-жауап кезеңдері кештің деңгейін арттырды.

«Оқуға ұмтыл — Тұлғаны таны» атты READx жобасы 4 ауысым 1-10 топ демалушыларының арасында өтті. Оқырман алаңына кітап оқуды ұнататын белсенді қатысушылар қазақ, орыс, шетел ақын-жазушыларының шығармаларын насихаттап, ойларымен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, шығармаларды оқуға кеңес берді.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, қазақтың жазушысы, драматургы Оралхан Бөкеевтің туғанына 80 жыл, теңгенің алғашқы қолданысқа





енгізілгеніне 30 жыл толуына толуына орай әдеби кеш, портрет кеші, тәрбие сағаты, дебат ұйымдастырылды. «Мамандық тандау - ертеңді ойлау» атты орталықтағы маман иелерінің қатысуымен кездесу шарасы демалушыларға мамандықтар туралы кеңес беруде, оларды ақпараттандыруда және кәсіби өзін-өзі айқындауына көмегін тигізеді.

Осы жылы орталығымызда сәуірдің 26-28 аралығында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы ұйымдастыруымен өткен «Kitap Fest – 2023 білім әлемінде» тақырыбында колледж кітапханашыларының Республикалық семинары әр облыстардан келген кітапханашылардың өзара тәжірибелерімен алмасуына зор үлесін тигізді. «Альманах», «Атамұра», «Мазмұндама», «Отбасы хрестоматиясы», «Көкжиек-Горизонт», «Qasym баспа үйі», «Лантар BOOKS» баспалары кітапта-

рының таныстырылымы болды және кітапханамызға сыйға кітаптар тарту етті.

Осы оқу жылынан бастап ауысым сайын «Атамұра» баспасы ұжымы өз кітаптарын орталығымыздың демалушыларына ұсынып, кітап жәрмеңкесін ұйымдастырып тұрады. Бұл игі іс жас оқырмандар қауымына рухани азық.

Рухани байлықтың бұлағы — кітапхана десек, келешек те де жас балдәурендік оқырмандардың жанын рухани байытып, тәуелсіз елімізге тірек болатын ұлттық тұлға тәрбиелеуге үлес қосуда кітапханамыздың берер жемісі көп.

Шолпан НАБИЕВА,
«Балдәурен» Республикалық
оқу-сауықтыру
орталығының кітапханашысы.
Қонаев қаласы,
Алматы облысы.

«Тапқыр достар» интеллектуалдық сайысы



Гүлнар
Ермұхамбетқызы
ТАЗАБЕКОВА,
Бактыбай
Жолбарысұлы
атындағы
№18 орта
мектеп-лицейінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

Мақсаты:

- Топта бірлесе жұмыс істеуге, басқа адамның жұмысын бағалауға үйрету;
- Қатысушылардың, шеберліктерін, ой-өрісін, қызығушылығын дамыту;
- Ұйымшыл болуға, шапшандыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ойын сабағы.

Көрнекілігі: слайд, интерактивтік тақта.

Сабақтың барысы:

Мұғалім: Құрметті ұстаздар, оқушылар, «Тапқыр достар» сайысына қош келдіңіздер!

Ойынға үш топ қатысады. Әр топта 3 оқушыдан.

Топтың аты, эмблемасы, ұраны болады.

Ойынымыз 5 кезеңнен тұрады:

I кезең. Таныстыру.

Әр топ басшысы өз тобын, ұранын таныстырады.

1-топ: «Білімділер».

Ұраны: Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.

2-топ: «Ойшылдар».

Ұраны: Кітап — алтын сандық,
Іші толған қазына-құт.
Оқы, оқы, ойыңа тұт.

3-топ: «Ақылдылар».

Ұраны: Айтушы ақылды болса,
Тыңдаушы дана болады.

II кезең. Кім тапқыр?

Әр қатысушы әріп тандайды. Қойылған сұрақтарға сол әріптен басталатын сөздермен жауап береді.

Сұрақтары:

1-топқа:

1. Досың кім?
2. Ертегі оқисың ба?
3. Анаңның аты кім?
4. Қай көшеде тұрасың?
5. Қай пәнді жақсы көресің?

2-топқа:

1. Жасың нешеде?
2. Кемпірқосақты қашан көруге болады?

3. Шашыңның түсі қандай?

4. Нені жақсы көресің?

5. Кімге сәлем жолдайсың?

3-топқа:

1. Суды немен ішесің?
2. Сенің есімің кім?
3. Бүгін сенде неше сабақ?
4. Қандай тағамды ұнатасың?
5. Үй жұмысын орындауға кім көмектеседі?

III кезең. «Ойлан тап».

Ойыншылар ұяшықтарды тандап, сол ұяшықтардағы сұрақтарға жауап береді.

1. «Кел, балалар, оқылық!» кімнің өлеңі? (Ы. Алтынсарин)
2. Тірі табиғатқа не жатады?

3. Ұзындық өлшем бірліктері?
4. Сөз таптарын ата. (Зат есім, сын есім, етістік, т.б.)
5. Тік төртбұрыш дегеніміз не?
6. Көкжиектің неше тұсы бар? (Төрт)
7. Мәтін түрлерін ата. (Әңгімелеу, сипаттау, пайымдау)
8. Түбір дегеніміз не? (Сөздің одан әрі бөлшектеуге келмейтін бөлігі)
9. Табиғат деген не? (Айналаны қоршап тұрған дүние)

IV кезең. «Сөзтапқыш».

«Қазақстан» сөзінен жаңа сөздер жасау.

«Адасып кетпе» (құрастыру тапсырмасы).

- Құрметті біздің сайыскерлер,
Көрермендер, жанкүйерлер.
Әділдік жол таңдайық
Құрастырып бір ойнайық.

V кезең. «Топбасшылары сайысы».

Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік,
Сөз кезегін топ басшыға береміз.
Арамызда тапқыш достар бар екен,
Соларға енді сұрақ қойып көрелік.

1. Әкесі жеті жасар Саятты базарға жұмсапты. Оған бір тиын беріп: «Үш нәрсе сатып әкел», - депті. Саят базарға

барып, бір қауын сатып әкеліпті.

- Балам-ау, әкелгенің бір ғана қауын ғой, - депті әкесі.

- Бұл бір ғана нәрсе емес, үш нәрсе, - депті сонда бала.

- Қалайша үшеу? - деп сұрапты әке танданып.

Саят әкесінің сұрағына не деп жауап берді екен?

Жауабы: Баланың «үш нәрсе» дегені: қауынның қабығы, шырыны, дәні.

2. Бір топ үйрек ұшып барады. Барлығы бесеу. Біреуі жерге қонса неше үйрек қалады?

3. Бір үйдің 4 аты бар. Ол үйде екі әке, 2 ұл бар болған. Әрқайсысы кісі басы бір атқа мінгенде, бір ат артық болып шықты. Неге?

- Құрметті көрермендер, әділ қазылар, бүгінгі сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Сайыскерлер шеттерінен білімді қарсыластар екені көрініп тұрды.

Болды дейміз жарысымыз жемісті,
Озып шығар кім білімді, кім күшті.
Әділқазы, ақ қазыға жүгінсек,
Берсе дейміз әділдігіміз жемісті.

дей о

мыз. (Сәлемдесулер) кезегі

«Болашақ» интеллектуалды ойын-сайысы

Мақсаты: оқушылардың білімдерін, ақыл-ойын, шешендік өнерін тексере отырып, ізденімпаздыққа, өз бетімен білім алуға тәрбиелеу. Білім — болашаққа жарық жол екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: «Болашақ» тақырыбы, нақыл сөздер, буклет, шарлар.

- Құрметті қонақтар, ұстаздар, ата-аналар! 3 «а» сыныбында өткелі отырған «**Болашақ**» интеллек-

туалды ойын-сайысына қош келді-
ніздер.



«Ақыл мен ой, терең білім — адамның сәулеті» дейді халық нақылы. Олай болса, ақыл-ойын, терең білімін көрсетер сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.

Ойын-сайысымыз 5 бөлімнен тұрады.

I бөлім — «Қызықты жетілік»

II бөлім — «Кім жылдам?»

III бөлім — «Полиглот»

IV бөлім — «Сыналар сәт»

V бөлім — «Шешен» деп атапайық.

пайы
н ұпа-
ғады.

IV-V бөлімде 2 оқушы сайысқа түседі.

Енді өздеріңнің білімдеріңді сарапқа салар сарапшылар алқасымен таныстырайын.

Енді реттік номерлеріңді анықтап алайық.

Ал енді, оқушылар, өздеріңе арналған тілек ән «Жұлдыздарым жайнаңдар».

Сонымен өздеріңе сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастаймыз.

I бөлім. «Қызықты жетілік».

Бұл бөлімде негізгі 4 пәннен сұрақ-

тар қойылады. Әр дұрыс жауапқа 10 балл.

1 сұрақ:

Ана тіл деп атаудың себебі —

Анамыздай қастерлесін дегені.

Өз анасын сыйлайтұғын әр адам

Өз тілін де құрметтесін дегені, - деп әдебиеттік оқу пәнінен сұрақтар қойылады.

2 сұрақ: «Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой» демекші, қазақ тілі пәнінен сұрақтар қойылады.

3 сұрақ: «Математика — ақыл-ойдың гимнастикасы, ғылымдардың патшасы» демекші, математика пәнінен сұрақтар қойылады.

4 сұрақ: «Табиғат — тіршіліктің бесігісін» дей келе, дүниетану пәнінен сұрақтар қойылады.

II бөлім. «Кім жылдам?». Бұл бөлімде сұрақтар оқылады. Жауапты тапқан бала сигналды карталарын көтереді. Дұрыс жауапқа 10 балл.

(Ұнайы аз 6 оқушымен қоштасу)

III бөлім. «Полиглот». Бұл бөлімде берілген сұраққа дұрыс жауап тауып, сол жауапты 3 тілде, яғни қазақша, орысша, ағылшынша аудармасымен айту керек.

IV бөлім. «Сыналар сәт» деп аталады. Бұл бөлімде 2 тақырып беріледі. Сайысушылар өз қалаулары бойынша 1 тақырып таңдайды.

1. Жалпы сұрақтар.

2. Жанды сұрақтар.

(Ұнайы аз 4 оқушымен қоштасу)

V бөлім. «Шешен». «Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең жоғары қасиеті», - деп Ғабиден Мұстафин айтқандай, екі оқушының да шешендік өнері сынға түседі. Оқушылар, тақырып таңдаңыздар.

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол».

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін».

(Қорытынды шығару, сарапшылар сөзі)

I бөлім. Әдебиеттік оқу пәні бойынша:

1. Үш биді ата.
2. Бұқар жыраудың жырларына арқау болған қазақ батырлары?
3. «Әліпби», «Тіл құралы» еңбектерінің авторы?
4. «Қалмақ қырған» қай жерде болды?
5. Портрет дегеніміз не?
6. Әл-Фарабидің туған жері?
7. Әбілмансұр кімнің шын аты еді?
8. Қобыланды батырдың аты?
9. «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» кімнің сөзі?
10. «Желаяқ» шығармасы кім туралы?

Қазақ тілі пәні бойынша:

1. Сын есімді тап.
- Әдепті бала — арлы бала.*
2. Сөздің түбірін тап. *Оқушы*
 3. Қуыршақ, шаңырақ, түйе, сандық сөздері қай сөз табына жатады?
 4. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? Бірінші әріп? Соңғы әріп?
 5. Дауыссыз дыбыстардың түрлері?
 6. Мына сөйлемнен сан есімді тап?
- Бір жылда он екі ай бар.*

7. Дауысты дыбыстар түрлері?

8. Етістіктің сұрақтары?

9. Тұрлаулы мүшелерді ата.

10. Мәтіннің түрлерін ата.

Математика пәні бойынша:

1. Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз?
2. 7 ц-де неше кг бар?

3. 2 тәулікте неше сағат бар?

4. Периметр дегеніміз не?

5. Ең үлкен үш таңбалы сан?

6. Тік төртбұрыштың ұзындығы 5 см, ені 4 см. Ауданы?

7. Қабырғасы 6см шаршының периметрі?

8. 50 мен 30-дың қосындысын 10-ға бөлгенде мәні қанша?

9. Ең кіші төрт таңбалы сан?

10. 7^2 - ?

Дүниетану пәні бойынша:

1. Өкпе қандай мүше?
2. *Ағаш*, *қасқыр* қандай дене?
3. Бауыр қандай мүше?
4. Адам денесінің тірегі?
5. Алтын, күміс қандай металл?
6. Ауаның бір жерден екінші жерге ауысуы?
7. Қандай ауа жеңіл болады?
8. Көкжиек тұстарын қандай құрал арқылы бағдарлайды?
9. Қосмекенді жануар?
10. Пайдалы қазбалардың түрлерін ата.

II бөлім. «Кім жылдам?»

1. Жылдың соңғы айы?
2. «Ж»-дан басталса жыл мезгілі, «Қ»-дан басталса құс белгілі. Ол қай сөздер?
3. Жылдан құр қалған жануар?
4. Бір адам бір нанды 1 сағатта жесе, 5 адам 5 нанды неше сағатта жейді?
5. Киім тігіп, қадамайды түймесін, Сөйте тұра тастамайды инесін.
6. Егер Айдар жарыста басынан да, соңынан да санағанда 3-болса, жарысқа неше адам қатысқан?
7. Думанның 7 таяқшасы бар еді. Ол біреуін қақ бөлді. Енді Думанның таяқшасы нешеу болды?
8. 303 санын басынан оқыса да, со-

нынан оқыса да бірдей сан оқылады. Осындай мысал келтір.

9. Тоғыз қоянның барлығының неше құлағы бар?

10. 4 лақтың неше аяғы бар?

III бөлім. Полиглот.

1. Ақ, қызыл, сары, көк түрлері бар, Хош иісі мен әдемі түрі көздің жауын алар?

2. Бетін адам ашады,
Білім нұрын шашады.

3. ...ы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

4. Әке — асқар тау,
... — бауырындағы бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.

5. ... — кеме, білім — теңіз.

IV бөлім. «Сыналар сәт».

1. Жанды сұрақтар.

2. Жалпы сұрақтар.

1. Гимнның авторлары?

2. Қай сан 5-ке бөлінеді? 53, 80, 32.

3. Құрманғазының қандай күйлерін білесің?

4. Қазақстанда неше облыс бар?

5. Тәуліктің 4-тен бір бөлігі неше сағат?

6. «Тәуелсіздік монументі» қай қалада?

IV бөлім. «Шешен».

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол».

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін».

III тақырып — «Тәуелсіздік — қастерлі ұғым».

Анаргүл Какимханқызы

ҚҰДАБАЕВА,

Балпық би кентіндегі қазақ орта

мектеп-гимназиясының

бастауыш сынып мұғалімі.

Көксу ауданы,

Жетісу облысы.

Алматы — сүйікті қалам

Мақсаты: оқушыларды туған еліне, жеріне, сүйікті қаласына деген сүйіспеншілігін арттырып, бар мейір-махаббаты мен оның тазалығына, мол байлығына, әсем табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақтаға «Алматы — сүйікті қалам» деген тақырыпта слайдтар жасау, плакаттарға

Алматының әсем табиғаты мен ғимараттарының суретін салу, нақыл сөздер жазу, шарлар, гүлдер, т.б.

«Гүл Алматы» әні хормен орындалады.

1-оқушы:

Туған қалам,

Әділет пен әсемдікті,

Сүйген қалам — Алматым.

2-оқушы:

Жасыл қалам,
Көшелері көк желекті,
Сая еткен Алматым.

3-оқушы:

Ләззат алам,
Сұлулығың паш етеді.
Құшағымды қабыл алшы, Алматым.

4-оқушы:

Қуат алам,
Самалыңмен шекемнен сен сипа-
ған,
Ата жолдың ізі болған Алматым.

5-оқушы:

Білім алам,
Қазағыма қайрат тілеп,
Жеңіс жолын салатұғын Алматым.

6-оқушы:

Сыңар қалам,
Көкірек пен көздерім бір өзіңмен,
Демеуіңмен тыныс алам, Алматым.

7-оқушы:

Қайран қалам,
Алатаудың етегінде тұрсың ғой,
Табиғаттың әсемдігі аспас сенен,
Алматым.

8-оқушы:

Нұрлы қалам,
Қолтығыңның астында тұр байлы-
ғың.

Ынтымақ пен бірлікті ұстайтығын
Алматым.

9-оқушы:

Сырлы қалам,
Тарихыңа бас иеді барша жан.
Тілеуіңмен өсіп келеді Алматым.

10-оқушы:

Бақыт қалам,
Омырауыңнан нәр алады бар хал-
қың,

Арманына жетелейтін Алматым.

*«Сағындым Алматымды» әні хормен
орындалады.*

11-оқушы:

Сағыныш қалам,
Самғап ұшып қанат жайған жанда-
рың,

Сағынатын сені әрқашан Алматым.

12-оқушы:

Бас қалам,
Қазақ елі ат қойыпты өзіңе,
Тәтті жеміс сыйласын деп Алматым.

19-оқушы:

Думан қалам,
Ана тілім шарықтасын.
Асыл мұра қазынаң бұл — Алматым.

20-оқушы:

Асыл қалам,
Мақтан тұтар ел-жұртың бар.
Гүлдене түс жылдан-жылға, Алма-
тым.

21-оқушы: 50-жылдары қалада Үкі-
мет үйі, Ғылым Академиясының бас
корпусы, Орталық стадион, Абай
атындағы опера және балет театрының
ғимараты салынды. Ал 60-70 жылдары
бой көтерген зәулім құрылыстардың
катарына Республика сарайы, Цирк,
Достық үйі, Неке сарайы, «Медеу» мұз
айдыны, «Алатау» қонақ үйі, Бейнелеу
өнері мұражайы және т.б. сәулет обь-
ектілері салынды. 9-12 қабатты тұрғын
үйлердің жаппай бой көтерулері қала
бейнесін тіпті өзгертіп жіберді.

22-оқушы: Осы аз уақыт аралығын-
да Қазақстан әлем елдері арасында
өзіндік даму үрдісімен орын таба бі-
леді. Бұл жолда Елбасымыздың еңбегі
өлшеусіз — қажырлы жұмыстың, сын-
дарлы саясаттың арқасында Қазақс-

танның экономикалық, әлеуметтік саладағы реформаларды, ұлтаралық татулық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жүзеге асырылып жатқан шараларын, бүгінде әлем елдері де мойындап отыр. Алматы қаласы бүгінгі таңда адам танымастай өзгерді.



23-оқушы: Қорыта айтатын болсақ, Алматы — республикамыздың ірі ғылыми, мәдени, білім және өндіріс орталығы. Басында мәңгі қар жатқан әсем Алатаудың баурайына орналасқан Алматы дүниежүзіндегі көрікті қалалардың бірі.

«Алматым» әні хормен орындалады.
Қорытынды.

Айнаш Алимбекқызы ЕРЖІГІТОВА,
М. Ганди атындағы «Дарынды балаларға арналған №92 мамандандырылған мектеп-лицей» психологы.
Алматы қаласы.

Көңілді балақан

Жүргізуші: Құрметті бүлдіршіндер, тәрбиешілер, қонақтар!

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Әннің терең мазмұнды мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар,
- деп Абай атамыз жырлағандай, осы сайыс барысында бүлдіршіндеріміз өздерінің музыка туралы білімдерін ортаға салады. Бұл сайысқа әр топтан 4 баладан қатысады. Топтардың балаларын таңдаған түстеріне қарай жинақтаймыз (жасыл, сары, қызыл,

көк). Барлық топтың балаларының жас ерекшеліктері бірдей болды, яғни, 2 ересек топ, 1 орта топ, 1 екінші сәбилер тобының бүлдіршіндерінен және 1 тәрбиешіден құралды.

Енді сайысымыздың шартымен таныс болыңыздар:

- 1) Таныстыру;
- 2) «Кім тапқыр?» Жұмбақтар шешу;
- 3) Тақырыптық сұрақтар;
- 4) «Үнінен таны»;
- 5) «Сен де қосыл, жасқанба»;

6) Суретін қарап, қимылын жаса.

Осы сайысты бағалайтын қазылар алқасын сайлап алайық.

Жүргізуші:

Гүл көңілің қуаныштан өрілді,

Жанарыңнан жалын нұры төгілді.

Жыр ұшқындап тұр ғой өне үніңнен,

Көпшілікке таныстыршы өзінді, —
деп сайысымыздың **1-бөлімі таныстыруды** бастайық.

«Балбөбек» тобы — жасыл түс;

«Балдырған» тобы — сары түс;

«Заңғар» тобы — қызыл түс;

«Жеңіс» тобы — көк түс.

Жүргізуші:

Ал ендігі кезекті

Білімге біз берелік,

Қатысушыны сынап бір,

Тамашалап көрелік, - дей отыра
«Кім тапқыр?» деп аталатын келесі бөлімімізге көшелік, демек, ұяшықтарды өздеріңіз тандап, жасырылған жұмбақтың шешуін табасыздар. Егер білмеген жағдайда «қарсыластар» деген сөзден кейін бірінші болып алға шыққан топтың бүлдіршіні жауап береді. Ал ендеше, сәттілік тілейміз.

Үш қазық, екі желі, тоғыз нокта,

Теңселіп, тербеледі адам соқса.

Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,

Не пайда, үндемейді адам жоқта.
(Домбыра)

Саздан жасалған,

Өрнектеп қашалған.

Сырнайдың үніндей

Бұлбұлдың үніндей. (Сазсырнай)

Ел қорғайтын ерлікке,

Әуенімен шақырған.

Батылдыққа, ерлікке,

Әуезімен шақырған. (Дабыл, дауыл-паз)

Сызылған үні,

Сүйкімді тілі,

Үрлесен ойнайтын,

Аспаптың бірі. (Сыбызғы)

3-бөлім. Тапқырлық сұрақтары.

Бүлдіршін жас ғұмырдың талғамысын,

Қуантқан әрбір үйдің арманысын.

Дәл бүгін қанат қомдап сыналарда,

Сан сұрақтан сүрінбей, самғап ұшқын, - деп сайыстың тақырыптық сұрақтар кезеңіне жеттік. Бұл кезеңде де тақтадан ұяшық тандап, жасырылған сұраққа жауап бересіздер.

Төрт түлікке байланысты жазылған әндердің атын ата.

Композитор деп кімді айтамыз?

Ата-ана, туыстық атауларға байланысты әндер білесің бе?

Қазақтың музыкалық аспаптары неше топқа бөлінеді?

4-бөлім. «Үнінен таны»

Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Нағыз қазақ, қазақ емес,

Нағыз қазақ — домбыра, - демекші ендігі кезекті музыкалық аспаптарды дауысынан ажыратуға арналған **«Үнінен таны»** кезеңіне береміз. Естілген дыбыс қай аспапқа тән екенін ажыратуларыңыз керек. (Домбыра, сазсырнай, баян, асатаяқ)

5-бөлім. «Сен де қосыл, жасқанба»

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, - деп Абай атамыз айтқандай, сіздердің әнді қан-

шалықты жақсы жаттап, есте сақтандарыңыз, ештеңеден жасқанбай қосыла орындап кететін қабілеттеріңіз сыналатын кезең. Бұл кезеңде сіздер тек ұяшық таңдайсыздар, ал әуенді мен, яғни әуез жетекшісі ойнайды. Сіздер сол әуен ойналып тұрған уақытта әнге қосылып айтуларыңыз керек. («Айгөлек», «Біз өмірдің гүліміз», «Жас дәуірдің түлегіміз», «Бақытты баламыз» әндеріне қосылып айту.

6-бөлім. «Суретін қарап, қимылын жаса» деп аталады. Бұл кезеңде таңдаған ұяшықтағы суреттің қимылын әуенмен жасап көрсетесіздер. Дайындыққа 1 минут беріледі. (*Көгершіндер, қояндар, аюлар, шөжелер*)

Бұл сайысымыздың соңғы бөлімі болатын, енді қазылар өз шешімдерін шығарғанша әсем ән тындайық. (*«Бақытты балалық шақ», «Бақытымыз бәріміз» әндері орындалады*)

Қазылар алқасы жалпы сайысқа тоқталып өтіп, топтарды алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапаттады.

**Гүлнара Қуандыққызы
ДОСБОЛОВА,**

**«Қарлығаш» балабақшасының әуез
жетекшісі.**

**Н. Бекежанов ауылы,
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.**

Арманың үндес еді Ақ Жайықпен

Оқуға құштар жобасы аясында облыстық әдеби Ақжайық жобасы жерлес ақын- жазушыларының кітаптарын оқу жоспар бойынша Хамза Есенжановтың туғанына 115 жылдығына орай Серебряково мектеп кітапханасында 5-7 сынып оқушыларымен «Арманың үндес еді Ақ Жайықпен» шара өтті. Оның мақсаты: оқушыларға, кітап сүйер қауымға, кітапхана оқырмандарына жазушының өмір баянымен таныстыру, шығармашылығын насихаттау. Х. Есенжановты таныту, шығармашылығының тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын мәтінге сүйе-

не отырып жан- жақты ашу. Жазушы шығармасын талдай отырып, жазушы тілінің өткірлігін, айқындылығын, даналық ойға құрылғандығын нақты мысалдармен дәлелдеу.

Хамза Есенжанов деген адам — өмірі өсу мен өрлеуден, шарықтау мен қиындық көріп, азап шегуден, айдаудан тұрған тағдырлы жан. Жеті жасында тұлдыр жетім қалып, ағасының тәрбиесінде болады. 1930 жылдары өлең, әңгіме жазып бастайды, сол уақыттарда «Әдебиет майданы» журналына «Өлеңтінің жағасында», «Қызыл қумақ» деген әңгімелері шығып, Бейімбет Майлиннің көзіне

түседі. Малдәрігерлік бітіріп, одан Алматыға барып, тіл, әдебиет бөлімін бітіріп, артынша Ленинградтағы әдебиет, өнер институтында оқиды. Келген соң филармония, опера-балет театрын басқарып, орыс әдебиетінен сабақ береді. Бір күні сабақ беріп тұрған жерінен тұтқынға алынып, «Халық жауы» деген жаламен айдалып, өмірінің он жеті жылын түрмеде өткізеді. Ал енді адал жары Софияның адал махаббаты өз алдына бір аңыз. Сол заманда білім алған қазақтың қызы көп емес, соның бірі София Тастемірова болатын. Халықтың адал ұлдарының басына қара бұлт үйіріліп жатқан кезде екі жас бас қосып, 1938 жылы Хамза Есенжанов ұсталып кеткен кезде София апай күйеуінің артынан Сібірге іздеп барады. Қиын-қыстау шақта жанында болып, жазушының жанын емдеген әйелдің азаматының бағы болғаны анық. София Тастемірованың бір естелік-жазбасында – оқып отырған адамның жүйке-жүйесін қозғап кететін мынадай сыр ақтарылады: «Әмиліміз қатты сырқаттанып, қайтыс болды. Шыбын жанын сақтап қалу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасап бақтым. Бірақ туралап келген ажал әй-шәйға қарата ма? Әйтпесе, Хамзекеңнің бауыр етінің қара тырнағын қара жерге қияр ма едім... Хамзаның әр хаты келген сайын жанымға қуат аламын. Түгелге жуық жаттап алдым де-

сем өтірікші болмаспын. Өзі сондай қиын-қыстау жерде жүріп, маған қамқор болып, күш бере сөйлейді. Басындағы ауыртпашылықтың уақытша екенін айтады, не деген қайрат-жігер десейші».

Хамза Есенжанов туралы оқып отырғанда «Не деген құрыш секілді мықты адам!» деп таң қаласың. Он жеті жыл түрмеде отырғанда болашақ романының үзіктерін қолына түскен темекі қорабына не қайыңның қабығына жазған, сол жерде отырып француз тілін грамматикасымен меңгерген, аударма саласында да көп тер төккен, айталық, Пушкиннің, Тургенев, Шолохов, Шуховтың шығармаларын көркем тілмен аударып, еселі еңбек еткен. Жазушы 1974 жылы 7 желтоқсанда, София апай ол кісіден 19 жыл кейін барып өмірден өткен. София апай 1988 жылы «Жалынға», «Аяулы тұлға» деген атпен естелік жариялапты, онда: «Жақсы адамның қадірі өзі жоғында көбірек білінеді екен. Жастай бас қосып, өмірдің ащы-тұщысын қатар тартқан Хамзекеңнің соңында қаламын деп ойламаппын» - деп жазға екен.

**Гулмира Темиргалиевна
КЫЗЫЛБАСОВА,
Серебряково мектеп
кітіпханасының меңгерушісі.
Серебряково ауылы,
Батыс Қазақстан облысы.**

